

Хабарландыру

«ҚазТрансОйл» АҚ Атырау мұнай құбыры басқармасы «КҚК-Қ» АҚ МШК 203км (мұнайды есепке алу торабы)» – Т.Қасымов атындағы МАС» қоршаған ортаны қорғау тарауы бойынша 2024 жылғы 25 шілде сағат 15.00-де Атырау облысы, Махамбет ауданы, Алмалы ауылдық округі, Береке ауылы мекен-жайы бойынша мәдениет үйінде қоғамдық тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарлайды.

Жобалау құжаттамасының пакетімен Бірыңғай экологиялық порталда, сондай-ақ ЖАО сайтында <https://www.gov.kz/memleket/entities/atyrau-tabigat>.

Ескертулер мен/немесе ұсыныстар қоғамдық тыңдаулар өткізу күніне дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірмей Бірыңғай экологиялық порталда, сондай-ақ Nurpeisova2@kaztransoil.kz и atr_priroda@mail.ru электронды пошталарында қабылданады.

Қосымша ақпаратты Атырау к., 3.Ғұмаров көшесі, 94 мекен-жайы және 8(7122) 931-738, 931-284 телефондары бойынша алуға болады.

Хабарландыру

1. «Айранкөл кен орнын игеру жобасына қосымша» жобасына ықтимал әсерлер туралы есеп
2. Ықпал ету аумағы: Участке аумағының географиялық координаталары 46°53'18.97» ендік 53°31'54.91» бойлық. Жобалау жұмыстары Атырау облысы, Жылыой ауданы (47°00' с. е. 53°59' ш. б.) аумағында жүргізілетін болады.

3. Қоғамдық тыңдаулар: 2024 жылдың 31 шілде сағат 10.00-де Атырау облысы, Жылыой ауданы, Құлсары к., Махамбет даңғылы, 37 (мәдениет үйі) мекен-жайы бойынша ашық жиналыстар түрінде өтеді.

Интернеттегі байланыс сілтемесі:
<https://us06web.zoom.us/j/84678244727?pwd=r2WuhaPNT9glJUlslequaYyTcM4uZ4.1>Конференция идентификаторы: 846 7824 4727
Кіру коды: 318755
4. Жоспарланған қызметтің бастамашысы: «КАСПИЙ НЕФТЬ» АҚ, БСН: 970140000112, Атырау облысы, Атырау к., Сәтбаев к-сі, 15в.

Байланыстар: +7(7122)-31-56-63, эл. пошта: info@caspineft.kz.

5. Әзірлеуші: «Timal Consulting Group» ЖШС, БСН: 080440002381. Өкілі: Төлейұшова Гүлнар. Байланыс. тел. +7(727)391-01-21 ішкі. 219, ұялы тел.: 8-771-080-46-59 e-mail: Toleuishova.G@timal.kz

6. Жоба материалдары сайтта орналастырылған: <https://ecoportal.kz/> және <https://www.gov.kz/memleket/entities/atyrau-tabigat?lang=ru>

7. Жоба материалдары бойынша қосымша ақпаратты Атырау қаласы, ш/а, мекен-жайы мен нөмірі бойынша білуге болады: Нұрсая, Елорда даңғылы, 33-құрылым. Тел: 8(7122) 319877 ішкі.219

8. Ескертулер мен ұсыныстар мына сілтеме бойынша қабылданады: <https://ecoportal.kz/> и julyoiakimat@atyrau.gov.kz

9. Қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы хабарландырудың фотосуреті <https://ecoportal.kz/> сайтында орналастырылған.

«Атырау Тау Кен» ЖШС «ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ БӨЛІМІ Қазақстан Республикасы Атырау облысының Махамбет ауданында орналасқан «Кенөзек-2» учаскесінде сазды жыныстарды өндіру жөніндегі тау-кен жұмыстарының жоспары» бойынша ашық жиын түрінде қоғамдық тыңдау өткізілетіні туралы хабарлайды.

Қоғамдық тыңдау өтетін жері және уақыты: Атырау облысы, Махамбет ауданы, Алмалы с.о. Береке ауылы, Мәдениет үйінде, 01.08.2024ж. сағат 15.00-де.

Карантин жарияланған жағдайда қоғамдық тыңдау тікелей желіде (ZOOM платформасында) өткізіледі.

Конференцияға қатысу үшін сілтеме бойынша өту қажет:
<https://us05web.zoom.us/j/83885906887?pwd=v13X3WopuqT5aukeXdeNRU905SQcGW.1>
Конференция сәйкестендіргіші: 838 8590 6887
Код доступа: 12345
Жоспарланған іс-шараның бастамашысы: «Атырау Тау Кен» ЖШС, ЖСН 120640007736, Атырау к. Ширина өндірістік аймағы, 83.
Құжаттаманы әзірлеуші «TauKenGeology» ЖШС, Атырау к. Ширина өндірістік аймағы, 83, тел. +77013821482.

Жоба құжаттары <https://ecoportal.kz> сайтында және ЖАО сайтында орналасқан <https://www.gov.kz/memleket/entities/atyrau-tabigat/activities/directions?lang=ru>
Жергілікті атқарушы органның ескертулер мен ұсыныстар қабылданатын электрондық поштасының мекен-жайы: atr_priroda@mail.ru, тел. 87122325509.

Қосымша ақпарат алатын мекен-жай: tauken_geology@mail.ru , ұялы тел. +77013821482.

Абайлаңыз!

Алаяқтар делдалдар кейпіне енуде!
Құрметті салымшылар!

«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ (БЖЗҚ) соңғы уақытта алаяқтардың жалған ақпарат тарату жағдайларының жиілеп кеткенін хабарлайды.
Атап айтқанда, әлеуметтік желілерде және онлайн-хабарландыру платформаларында зейнетақы жинақтарын жеке басқарушы компанияларға немесе сақтандыру ұйымдарына аудару жолымен қолма-қол алу бойынша делдалдық қызметтер көрсету туралы ұсыныстар жіберіледі. Тек мұндай қызметі үшін хабарлама иесі белгілі бір көлемдегі сыйақыны талап етеді.

«БЖЗҚ» АҚ бұл ақпараттың шындыққа жанаспайтынын мәлімдейді. Жеке басқарушы компаниялардың сенімгерлік басқаруындағы немесе зейнетақы аннуитеті шарты бойынша өмірді сақтандыру компанияларында орналастырылған зейнетақы жинақтарын қандай да бір делдалдар арқылы алу мүмкін емес. Ал салымшыларға БЖЗҚ-дағы зейнетақы жинақтарының ең төменгі жеткіліктілік шегінен асатын бөлігін ғана заңнамда көзделген, тұрғын үй жағдайларын жақсарту немесе емделу мақсаттарына пайдалану үшін шешім алуға рұқсат етіледі.

Алаяқтар ұсынған схемаларға қатысуға келісе отырып, сіз өз ақшанызды жоғалту қаупін тудырып қана қоймай, сонымен қатар болашақта басқа алаяқтық әрекеттер үшін пайдаланылуы мүмкін жеке деректеріңіздің сақталуына да қауіп төндіресіз.

«БЖЗҚ» АҚ өз салымшыларына соңғы кездерде жиі таралып кеткен осындай «жалған» хабарламаларды елемуге және ақпаратты тек ресми көздерден ғана алуға қатаң кеңес береді.

Сіз зейнетақы жинақтарын алу мен аударуға

қатысты барлық сұрақтарға жауапты БЖЗҚ бөлімшелерінен де, қашықтықтан да алып, ақпараттың сенімділігін былайша тексере аласыз:
көп арналы тегін байланыс арқылы, байланыс орталығының 1418 нөміріне қоңырау шалу, сондай-ақ, +7 777 000 1418 нөмірі бойынша WhatsApp арқылы.

БЖЗҚ-ның Одноклассники, Telegram, Facebook, Вконтакте, Twitter және Instagram сияқты танымал платформалардағы әлеуметтік желілердегі ресми парақшалары арқылы.

БЖЗҚ 2013 жылғы 22 тамызда «ГНПФ» ЖЗҚ» АҚ негізінде құрылды. БЖЗҚ құрылтайшысы және акционері – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің «Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті» ММ арқылы Қазақстан Республикасының Үкіметі. БЖЗҚ зейнетақы активтерін сенімгерлікпен басқаруды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүзеге асырады. 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап зейнетақы активтерін басқару тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстар жасау қызметі Қазақстан Республикасының Президенті басшылық ететін Ұлттық қорды басқару кесінсесі берілді. Зейнетақы заңнамасына сәйкес БЖЗҚ міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, ерікті зейнетақы жарналарын тартуды, зейнетақы төлемдерін, зейнетақы жинақтары мен төлемдерін жеке есепке алуды жүзеге асырады, салымшыға (алушыға) зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпарат береді (толығырақ [www.enpf.kz](http://enpf.kz) сайтында).

«БЖЗҚ» АҚ баспасөз орталығы

ЖЕКЕ ХАБАРЛАНДЫРУ

ӨРТҮРІП

Индер ауданы, Құрылыс ауылынан жеке үй сатылады. Ауласында дүкені, жаздық үйі, сарайы, жеміс ағаштары, шаруашылыққа ерекше қолайлы, мал ұстауға арналған стандартты қоралары бар.
Тел. 8 702 189 2935, 8 702 821 2111, 8 775 278 0831, 8 (71 234) 29-5-55.

НОТАРИУС ХАБАРЛАЙДЫ

Атырау нотариаттық округінің нотариусы (№15007793, ҚР ӘМ 27.04.2015 жылы берілген лицензиямен әрекет етуші) Таспаев Бисенбай Ибзасович хабарлайды. 07.03.2024 жылы қайтыс болған **Қойшығұлова Айгүл Сандыбекқызының** атына мұралық іс ашылды. Осыған байланысты мұрагерлердің төмендегі мекен-жайға хабарласулары сұралады: Атырау облысы, Мақат ауданы, Доссор поселкесі, Ғалия Сүлейменова көшесі, 100 үй, байланыс телефоны: 87027420470.

Атырау облысының нотариусы Д.Б.Кушкенова хабарлайды: 28.02.2024 жылы қайтыс болған **Алибаева Розаның** атына мұралық іс ашылды. Осыған

байланысты мұрагерлердің төмендегі мекен-жайға хабарласулары сұралады: Атырау облысы, Мақат ауданы, Мақат поселкесі, С.Бекжанов көшесі, 13 Б үй, 19 пәтер, байланыс телефон: 871239-79034. Лицензия №13000262, 14.01.2013 ж.

Атырау нотариалдық аймағының нотариусы А.К.Саркулова хабарлайды: 06.12.2023 жылы қайтыс болған **Кайрошев Мерей Мирамбайұлының** атына мұралық іс ашылды. Осыған байланысты барлық мұрагерлердің мына мекен-жайдағы нотариустің кеңсесіне хабарласулары сұралады: Атырау облысы, Махамбет ауданы, Махамбет ауылы, Абай көшесі, №25. Тел: 8-71236-2-13-04. 23 шілде 2002 жылы берілген, лицензия №0001099.

Нотариус М.С.Сүлейменова хабарлайды.

14.02.2024 жылы қайтыс болған **Ғұмаров Бекзат Кадыралевичтің** атына мұралық іс ашылды. Осыған байланысты мұрагерлердің төмендегі мекен-жайға

хабарласулары сұралады. Исатай ауданы, Ақкыстау селосы, Е.Қазақстан көшесінде орналасқан «ШАД» сауда орталығына. Телефон: 8 (71231) 2-06-82.

Лицензия №0002271. Берілген күні 12.12.2008 ж.

Нотариус Ж.К.Шурабаеваның нотариаттық кеңсесінде 26 мамыр 2024 жылы қайтыс болған **Балмасов Табылды Сисенбаевич**, (ЖСН 641207301168), қайтыс болу туралы куәлігінің негізі бойынша (№2509761, 30.05.2024 жылы «Азаматтарға арналған үкімет» МК» ҚЕ АҚ Атырау облысы бойынша филиалының Атырау қалалық АХАТ бөлімі берген), атына мұралық істің ашылғанын хабарлайды. Барлық мұрагерлердің мына мекен-жайға: Атырау қаласы, Махамбет Өтемісов көшесі, №100 үйде орналасқан нотариус кеңсесіне хабарласулары сұралады. Анықтама телефон: 32-13-22, ұялы тел: 87023097568. Лицензия №17004092, 07.03.2017 жылы ҚР ӘМ берген.

Қош бол, ардақты азамат!



Өзіміздің Сәкен туралы қаралы хабарды естігенде төбемізден жай түскендей болды, сенер-сенбесімізді білмедік.

Біз облыстық қоғамдық кеңес мүшелері мақсат-мүддеміз бір, қоғамның көкейкесті мәселесін ортаға салып, қоғамға жанымыз ашып, кемшін түстар тезірек түзелсе екен деген бағытта жұмыс істеудеміз.

Ортақ істе әр қоғамдық кеңес мүшесінің орны бар, Сәкеннің орны тіптен ерекше еді. Көптеген сұрақтарды көтеретін, олардың шешілуіне атсалысатын. Мемлекет қаржысын мақсатсыз жұмсағандармен жаны қас еді, сөзі жеткенше ашық айтатын.

«Батыр ақын болмаса, батырлыққа сын емес, Ақын батыр болмаса, көрген күні күн емес» деген сөздер Сәкенге арналғандай. Тандау болса Тәңірімнен қайтарам, Тек қазақ боп туылар ем қайтадан, Тандау болса басқа елде хан болу, Өз елімде күл болар ем жайтабан – деп жырлаған

АИТВ-инфекциясы туралы не білеміз?

АИТВ-инфекциясы – адамның иммун тапшылығы вирусын жұқтыру нәтижесінде пайда болатын баяу үдемелі дамидытын жұқпалы ауру. Ауру адамның иммундық жүйесіне әсер етеді, нәтижесінде ағза әртүрлі инфекцияларға және қатерлі ісіктерге өте сезімтал болады, нәтижесінде науқасты өлімге әкеледі. ЖИТС (жүре пайда болған иммундық тапшылық синдромы) – аурудың соңғы немесе терминалдық сатысы.

Инфекция көзі – вирус жұқтырған адам, вирус тасымалдаушы немесе ЖИТС-пен ауыратын адам. Вирус тасымалдаушылар көбінесе жұқтырғанын білмей, өздерін сау деп санайды, өйткені оларда бірнеше жыл бойы ауру белгілері болмауы мүмкін.

Инфекцияның берілу жолдары:

- жыныстық қатынас кезінде (көптеген жыныстық қатынастары бар, әсіресе кездейсоқ немесе бейтаныс серіктестермен);
 - парентеральді (қан арқылы) берілу: ластанған қанды құю кезінде немесе қанмен ластанған құралдар арқылы, түрлі инъекциялар жүргізген кезде (әсіресе нашақорлар арасында көк тамырға есірткіні енгізген кезде).
 - жүктілік және босану кезінде вирустың анадан балаға берілуі мүмкін.
- АИТВ диагнозы арнайы қан анализінің нәтижелері бойынша қойылады, ол көп жағдайда инфекцияны жұқтырғаннан кейін 3 ай аралығында нәтиже береді. АИТВ-инфекциясына тексеруді жасырын түрде жүргізуге болады.
- Жыныстық қатынас кезінде АИТВ инфекциясының алдын алу үшін:
- кездейсоқ жыныстық қатынастан аулақ болыңыз;
 - кез-келген жыныстық қатынас кезінде жоғары сапалы презервативті қолданыңыз.
 - есірткі заттарын пайдаланудан бас тарту;
 - маникюр/педикюр/пирсинг/татуировкаға арналған қайта пайдалануға болатын құралдарды дезинфекциялау құралдарын пайдалана отырып, өңдеуден өткізу;
 - қан кету кезінде алғашқы медициналық көмек көрсету үшін резеңке қолғапты қолдану және терінің ашық жерлерін және көздің шырышты қабығын қаннан түсуінен қорғау қажет, қанның кез-келген қан инфицирленген қауіпті деп саналуы тиіс.
- Есіңізде болсын, әркім өзі шешім қабылдайды және өз өмірі үшін іс-әрекеттеріне өзі жауап береді.

Ә.Қ.СЕРІКБАЕВА,
ЖИТС-қа қарсы күрес және оның алдын алу орталығының эпидемиолог дәрігері
Мақала денсаулық сақтау басқармасының тапсырысымен дайындалды.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«ЭкоWest» ЖШС Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінің 95-бабының талаптарына сәйкес. Атырау қаласы, Геолог кенті, Төле би көшесі, 30 үй мекен-жайында орналасқан Митраж ресторанында 2024 жылғы 25 шілдеде сағат 11.00-де «ЭкоWest» ЖШС-нің Өндірістік қалдықтарын кәдеге жаратуға арналған өндірістік алаң үшін ықтимал әсер ету туралы есеп бойынша ашық жиналыстар нысанында қоғамдық тыңдаулар өтетінін хабарлайды.

Жобалық құжаттама пакетімен Бірыңғай экологиялық порталында <https://ecoportal.kz/>, сондай-ақ жергілікті атқарушы органның ресми (ЖАО) сайтында <https://www.gov.kz/memleket/entities/atyrau-tabigat/> танысуға болады.

Төтенше жағдай және (немесе) шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар енгізілген жағдайда қоғамдық тыңдаулар онлайн режимінде өткізіледі: (<https://us06web.zoom.us/j/86323745561?pwd=0TbukklD1a4j0A1eGwbXMTQpaDO8mK4.1>) Логин: 863 2374 5561, Құпия сөз: 11111. Белсенді сілтеме Бірыңғай экологиялық порталда <https://ecoportal.kz/> және жергілікті атқарушы органның <https://www.gov.kz/memleket/entities/atyrau-tabigat/> сайтында орналасқан.

Қосымша ақпаратты 87013933555 телефон арқылы және ecowest2022@mail.ru электрондық пошта мекен-жайы бойынша алуға болады, өкіл Айгүл Зурбаоева.

Мемлекеттік сараптаманы жүргізетін мемлекеттік органның атауы: «ҚР ЭЖТМ Атырау облысы бойынша Экология департаменті» РМҰ, тел. 8(7122) 26-20-30, atyrau-ecodper@ecogeo.gov.kz.

Тапсырыс беруші: Занды мекен-жайы: «EcoWest» ЖШС, БСН 211240004848, Атырау к., Азаттық даң., 20 үй, 13 пәт., +7 701 393 35 55,

Экологиялық құжаттаманы әзірлеуші – Ким И.Г.ЖК, Астана к., Сарыарқа даңғылы, 12, 705-кабинет, ұялы тел.87019994852, atameken_eco@mail.ru.

Сәкен енді арамызда жоқ, сенгің келмейді, бірақ сенбеске тағы амал жоқ. Өмірдің шолақ екенін, адамның бір-біріне қонақ екендігінің дәлеліндей, тағы бір аптал азамат өмірден өтті. Орны толмас қайғылы қаза.

Ерте кетті, кеш кетті деуге де қақымыз жоқ, атакты Қашаған жырау айтпақшы «Өлімнен кім құр қалған, ғұмырың аспас сызғаннан», біздің Сәкеніміз, адалдықты аңсаған Сәкеніміз, ақынжанды Сәкеніміз, халқының сөзін сөйлеп, халқына жүрегімен жақын болған Сәкеніміз маңдайына жазылған күні өмірден өтті.

Бір әдемім, мені көрсө күледі,
Мен жүгірсем ол жүгіріп жүреді,
Бір әдемім, мені қорғап күн нұрдан,
Мені ойлап, қатар соғар жүрегі – деп Сәкеннің өзі жырлағандай, әдемісі, сұлу жары Алтыншашпен жүректері қатар тоқтады. Адам ажалдың алдында шарасыз, өлімнің қашанда өкініші көп. Сәкеннің артында өшпес ізі, өлмес мұрасы қалды, ол Сәкеннің істеп кеткен істері, өлеңдері, артында қалған ұрпағы.

Сәкеннің іздегені адалдық, істеген ісі адамдық, жек көргені надандық, сынағаны қоғамдағы жамандық еді, ол ісін ешқашанда өлмек емес, себебі ол жаңа Қазақстанның алға қойған мақсаты! Сенің есімің мәңгілік есімізде сақталады! Артында қалған балаларына, ағайын – туғанына қайғысына ортақтасып, көңіл айтамыз.

Атырау облыстық қоғамдық кеңесі

Облыстық ардагерлер кеңесі белгілі қоғам қайраткері, Атырау облысының Құрметті азаматы Ғабдысәлімова Мәдина Ғабдысәлімқызына інісі **Асуаттың** өмірден озуына байланысты және марқұмның отбасына, ағайын туыстарына қайғырып, көңіл айтады.

«Атырау-Ақпарат» ЖШС ұжымы облыстық «Атырау» газеті редакциясының фототілшісі Алтыбаев Ерланға апасы **Злиха Ғалымқызының** қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады

АТЫРАУ

Газет 1923 жылғы сәуірдің 1-нен шыға бастады

МЕНШІК ИЕСІ:
«АТЫРАУ-АҚПАРАТ» ЖШС
Бас директор
Нұрболат ЕЛЕУСІНОВ
Бас редактор **Назарбек ҚОСШИЕВ**

Бас редактордың қабылдау бөлмесі – 45-86-43, факс – 45-85-97. Бас редактордың орынбасары – **А.Базарбаев** – 45-86-47. Жауапты хатшы – **Д.Мұхамбеталиев** – 45-84-50. Арнаулы тілші – **М.Қуанышева** – 45-84-30. atr.kz сайтның редакторы – **А.Құрмашева** – 45-84-30.

Бөлімдер:
экономика, өнеркәсіп және кәсіпорлық мәселелері;
шопшы – **А.Сабырова**, аға тілші – **Д.Аруев** – 45-84-01;
қоғамдық-саяси және әлеуметтік-мәдени мәселелері;
аға тілші – **Р.Өтеуали**, тілші – **Ү.Марсұва** – 45-85-24;
экология және құқықтық мәселелері: шопшы – **А.Қабдолов**, аға тілші – **М.Оразғалиева** – 45-86-50.

фототілші – **Е.Алтыбаев** – 45-84-50.
Корректорлар: **Э.Әбілқайырова**, **А.Шомажанова**.
Компьютер цехы:
бет құрушылар – **С.Рамазанова**, **А.Жолдыбаева**.
Іс жүргізуші: **Т.Тайтекова**, теруші: **К.Елеусінова** – 45-84-50

Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитеті мерзімді баспасөз басылымын, ақпараттық агенттігі және желілік басылымды есепке қою туралы 2023 жылғы 22 желтоқсанның және желілік тіркеу туралы **№КЗ62VPY00808467** куәлігі берілген.
Басылым «Құрмет белгісі» орденімен, республикалық «Аманат» сыйлығымен марапатталған.

МЕКЕН-ЖАЙЫМЫЗ:
060005, Атырау қаласы, Ж.Молдағалиев көшесі, 29а үй.
Электронды пошта: e-mail: atyrau_gazeti@mail.ru

*Газет «Атырау» газетінің компьютер цехында теріліп, беттелді.
*«Атырау-Ақпарат» ЖШС баспаханасында басылды.

* Авторлар жиналысының пікірлер редакцияның түпнұсқалық көзқарасы болып табылады. Қолжазбалар өңделеді және авторға қайтарылмайды.

● Мақалалар коммерциялық негізде басылды деген белгі.

● Жарнамалар мен хабарландырулар мазмұнына редакция жауап бермейді.

Индекс: 65424 Астана 1 рет шығады.
ТАРАЛЫМЫ: 5504 дана
Немірдің кезекшілері:
Д.Аруев, М.Қуанышева,
А.Жолдыбаева, М.Оразғалиева